

**ШЖҚ КМК «Дамбы медициналық санитариялық-алғашқы көмек орталығы»
бойынша
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді талдау жүргізу қорытындысы бойынша
талдамалық анықтамасы**

2026 жылғы 06 сәуірдегі №59 § 1 бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі тәуекелдерді талдау бойынша жұмыс құрамы:

ЖДО меңгерушісі-Неталиева Н.М.

Пациенттерді қолдау қызметінің дәрігері-Айтмағанбетова Б.А.

Психолог-Кенжетаева К.К.

Бас есепші – Бекетова Л.Т.

Сатып алу маманы – Айсиева Ш.Б.

Аға мейірбике – Халидуллина Б.А.

Комплаенс офицер –Бухаева А.С.

Талдау түрі: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында ішкі талдау.

Талдаудың мақсаты мен міндеті: Ішкі талдау нәтижелері бойынша ШЖҚ КМК «Дамбы медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығының» сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Ұйымдастырушылық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау; Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына талдау.

Талдау мерзімі: 05.01.2026-08.06.2026 жыл.

Қысқаша мекеме туралы мәлімдеме: Дамбы медициналық санитариялық алғашқы көмек орталығы Атырау селосында Атырау қаласынан 20-22 км қашықтықта орналасқан. Дамба медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығы Атырау және Дамбы селосының округтеріне қарасты елді мекендеріне: Зарослый ауылы, Жаңаталап, Атырау, Құрманғазы, Амангелді, Дамбы селолары және Пешной аралдарының тұрғындарына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетеді. Дамбы медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығының директоры Гульжанат Базаровна Шарипова. Дамбы медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығының мемлекеттік басқару органы Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы болып табылады. Құрылтайшысы Атырау облысының әкімдігі болып табылады.

Дамбы медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы «Халық Денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің бұйрықтары мен кәсіпорын Жарғысы негізінде атқарады.

Дамбы медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығы мемлекеттік лицензияларға сәйкес: Халыққа дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық-санитарлық көмек, жалпы дәрігерлік көмек, акушерлік-гинекология, рентген, стоматология, физиотерапия, клиникалық лаборатория, күндізгі 15 төсектік аурухана, реабилитация, жедел-жәрдем көмегі қызметтерін көрсетеді. Қызмет көрсету радиусы 10-30 км дейін. Дамбы медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығының қызмет көрсететін халқының саны – 15700. Сонымен қатар, Дамбы медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығына қарасты «Амангелді дәрігерлік амбулаториясы» және «Жаңаталап дәрігерлік амбулаториясы» жұмыс жасайды.

1.Кәсіпорын қызметіне әсер ететін нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша қызметкерлер оқытылды: Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» Кодексі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы Тегін медициналық көмектің кепілдік

берілген көлемінің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы № 672 қаулысы, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңы, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Заңы.

Персоналды басқару қызметі

Дамбы медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығы штаттық кестеге сәйкес 146,5 бірлік қарастырылған. Мониторинг жүргізу сәтінде барлық жұмыс жасайтын адам саны - 120. 26 дәрігерлік штатта 14 негізгі дәрігер және 14 қосымша (совместитель) дәрігерлер жұмыс жасайды. орта буын медицина қызметкерлердің штат саны-73, жұмыс жасап жатқаны-56; басқа персоналдар штат саны-37, жұмыс жасап жатқаны-22, кіші буын қызметкерінің штат саны-10,5, жұмыс жасап жатқаны-7.

2026 жылдың қаңтар-маусым айларында 15 адам жұмысқа орналасып, 9 адаммен еңбек шарты жұмыскердің бастамасы бойынша бұзылды. Теріс себептермен жұмыстан шығарылғандар жоқ.

Мамандарды оқыту мен біліктілігін арттыру бекітілген жоспар арқылы Қазақстан Республикасының стандарттарына сәйкес уақытылы орындалып отыр.

2026 жылдың 6 айы бойынша 55-қызметкер білім жетілдіру курстарынан өтті, олардың 55 мемлекеттік сатып алу порталы арқылы оқытылды.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша теріс әрекеттер және мүдделер қақтығысы, қызметкерлердің басшыға немесе меңгерушіге қатысты қарсы фактілер анықталған жоқ. Ұжым тұрақты жұмыс істейді.

3.Мемлекеттік сатып алу.

Мемлекеттік сатып алудың бекітілген жоспарына сәйкес 2026 жылдың 6 айы ішінде баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен –23 , конкурс тәсілімен –4 , ФЛК тізіміне сәйкес бір көзден –5, тікелей бір көзден-1

Мемлекеттік сатып алу кезіндегі бұзушылықтар:0

Камералық бақылау – 2;

Аудит –0 ;

Сот кабинеті арқылы берілген арыз бойынша –2

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағытында Мемлекеттік сатып алу бойынша мүдделер қақтығысы, қызметкерлердің жеткізушілерімен және мемлекеттік сатып алуға қатысушылармен үлестестігі фактілері анықталған жоқ.

4.Мемлекеттік қызметтерді көрсету:

Мемлекеттік қызметтерді көрсету стандарттарына сәйкес 2026 жылдың 6 айы бойына емханада 60905- дәрігерлік қабылдау болса, үйден қарау қызметі бойынша –753 қызмет көрсетілді. Еңбекке жарамсыздық бетшесін беру бойынша 2026 жылдың 6 айына - 904 парақша берілді. Барлығы да электронды түрде медициналық ақпараттық жүйесіне тіркелінген. Көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша келіп түскен шағымдар жоқ.

5.Медициналық қызметкерлер жұмысы:

2026 жылдың 6 айында медицина қызметкерлері арасынан қызметтік міндеттерін атқару барысында туындауы мүмкін: пара, сыйақы алу, бопсалау бойынша бірде-бір қызметкер қылмыстық фактілер жасамады.

Науқастар тарапынан пара алу, сыйлық алу, бопсалау туралы шағымдар түскен жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстарын тиімді жүргізу мақсатында тоқсан сайын қызметкерлер арасында дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізіліп отырады.

Дамбы МСАК орталығында азаматтардың өтінішін қабылдау үшін сенім телефоны жұмыс істейді. 24-72-47.

Директор азаматтардың арыз-шағымы бойынша қабылдауға кестеге сәйкес жұмыс жасайды.

Азаматтардың өтініштері сонымен қатар мекеменің dva-atyrau@yandex.kz электронды поштасы және www.dambava.kz сайты арқылы қабылданады.

Дамбы МСАК орталығы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша 2026 жылдың 6 айы нәтижелеріне сәйкес Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінен туындаған іс-әрекеттер болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және болдырмау бойынша ұсыныстар:

- 1.Сыбайлас жемқорлыққа қаупі жоғары және мүдделер қақтығысына жататын қызметке тұрақты ішкі бақылау;
- 2.Ұжымда «адал еңбек ету» мәдениетін қалыптастыру;
- 3.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы семинар, кеңестерді кемінде тоқсан сайын үнемі өткізу;
- 4.Лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі туралы семинарлар өткізу;
- 5.Нормативтік-құқықтық құжаттамалармен (бұйрықтар, заңдар) ұжымды үнемі таныстыру;
- 6.Емхананың жалпыға қол жетімді орындарына жауапты тұлғалардың, байланыс телефон номерлерімен көрсетілген плакаттарды орналастыру.

ЖДО меңгерушісі:

Пациенттерді қолдау қызметінің дәрігері:

Бас есепші:

Сатып алу маманы:

Аға мейіргер:

Комплаенс офицер:

	Н.М.Неталиева
	Б.А.Айтмаганбетова
	Л.Т.Бекетова
	Ш.Б.Айсиева
	Б.А. Халидуллина
	А.С.Бухаева